

Ансабаева Айнур Дуйсеновна 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Қазіргі кезде отбасы тәрбиесі, тұлғаны тәрбиелеу, тұлғаны қоғамдық ортаға бейімдеу және мақсатты тәрбиелік ықпалдар мен факторлар әлеуметтік институт ретінде білім берудің негізінде болып табылады. Жас ұрпаққа мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі ретінде тәрбиелік ықпал ету, тәрбие арқылы оқыту, отбасы институтының қоғамдағы тәрбиелік дағдарысы және ұлттық дәстүрлердің қоғамдағы беделінің төмендеуі және ұлттық тәрбиеге жат ықпалдардың әсерінен отбасы мен мектептің байланысы күннен күнге өзекті проблемаға айналды. Сондықтан қазіргі уақытта рухани және мәдени мұраны жаңғырту кезеңінде халықтың адамгершілік байлығының шоғырлануы ретінде отбасына сүйену қоғамның объективті қажеттілігі болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, А.Ансабаеваның жазған диссертациясы бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің мазмұнын анықтау көкейкесті мәселелердің бірі болып табылады, яғни, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің теориялық және тәжірибелік маңызы бар.

Диссертацияның мазмұндық құрылымы нақтыланған және зерттеушінің алдына қойылған мақсатты шешу барысындағы ғылыми зерттеу міндеттеріне сәйкес келеді.

«Бастауыш сынып оқушыларын мектеп пен отбасының әрекеттестігінде тәрбиелеудің теориялық негіздері» атты бірінші тарауда зерттеу жұмысы бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық ғылыми еңбектерге теориялық талдау жасалып, қазіргі кезде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігіне арналған ғылыми еңбектердің педагогикалық тұрғыда мүмкіндіктері мазмұндалды. Еліміздің бастауыш білім беру жүйесінде оқушыларды тәрбиелеуде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің қазіргі жағдайы талданып, теориялық моделі дайындалып, оның өлшемдері белгіленді.

«Бастауыш сынып оқушыларын мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінде тәрбиелеуді зерттеудің тәжірибелік-эксперимент жұмысы» атты екінші тарауда бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудің мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі эксперимент жүзінде тексеруден өткізілді. Тәжірибелік эксперимент барысында оның нәтижелеріне талдау жасалды. Сонымен қатар, эксперимент нәтижелері сапалық және сандық әдістермен

қорытындыланды. Педагогикалық эксперимент жұмыстарының нәтижелері математикалық тұрғыдан өңделіп, ұсыныстар әзірленді.

Осыған орай, бастауыш сыныптың ата-аналарына арналған «Өнегелі ұрпақ» клубының бағдарламасы мен «Ұлағат» атты арнайы курсының бағдарламасы құрастырылып, бастауыш сыныптың тәрбие жүйесінде қолданылды.

А.Ансабаеваның диссертациялық зерттеуінің ғылыми-тәжірибелік нәтижелері мазмұнының ішкі бірлігімен, тұжырымдық ішкі тұтастығымен және зерттеудің негізгі қорытындылары үйлесімді бірлігімен сипатталады.

Зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу және тәжірибеге енгізу мақалаларды, баяндамаларды жариялау және оларды ғылыми-практикалық, халықаралық конференцияларда талқылау жолымен жүзеге асырылды.

А. Ансабаеваның «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толығымен аяқталған, ғылыми зерттеу жеткілікті теориялық деңгейде жазылған және тәжірибелік маңызы бар деп санауға болады.

Қорыта келе, Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның 6D010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынып отырған «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің белгілеген талаптарына толықтай жауап береді және арнайы мамандандырылған диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға болады деген пікірімді білдіремін.

Отандық ғылыми кеңесші:

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, философия докторы (PhD)



Г.С.Майлыбаева